

Алдыңғы толқын-ағалар

ҒАЛЫМ ЖОЛЫ

**академик Кенжеғали Әбенұлы
Сағадиев алпыс жаста**

Сонау бір ауыр жылдары, 1938 жылдың аязды ақпанында, карапайым еңбек адамы Әбеннің отбасында үл бала дүниеге келді. Апыл-тапыл аяқ басып, мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ жанарындағы жарқыл мен мінезіндегі өткірлікті бірден байқаған жан, осы баладан түптің түбінде жақсы азамат шығатынын жазбай танытын еді.

Иә, Кенжеғали жасынан елгезек, еңбеккер, оқуға, білімге алғыр болып есті. Мектепті күміс медальмен бітіргеннен кейін, Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түсті. Бұл соғыс зардабынан кейін жастардың білім, ғылымға деген ынтасының дүркірей кетеріле бастаған кезі болатын. Осындай ортада ол ерте есейді. Студенттік ортаға тез кірігіп, университеттің маңдай алды студенттерінің біріне айналады. Үздік ғылыми жұмыстар дайындаған жастардың қатарында Самаркандта және КСРО-ның кептеген қалаларында өткізілген студенттердің ғылыми конференцияларына қатысады. Алпысыншы жылдары "өнеркәсіп экономикасы" мамандығы бойынша ҚазМУ-ды үздік бітіргеннен кейін, университеттің халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының ассистенті, ал кейін оған



де ректорды бірнеше адамның арасынан жабық-жасырын дауыс беру арқылы қайта сайлайтын әдіс болатын. Осы тұстарда институт ұжымы бір кісідей Қ. Ә. Сағадиевтің кандидатурасын тандап алатын еді.

Міне, әр сәті осындай айтулы ауқымды істерге толы сегіз жылғы еңбек, тегілген маңдай тер босқа кеткен жоқ. Үкімет тарапынан да, халықтан да, студенттер қауымынан да лайықты бағасын алып жатты. Ректорлық қызметтегі Қ.Ә. Сағадиевтің қажымас қайраты, нәтижелі еңбегі, ғұлама ғалымдығы және белсенді қоғамдық жұмысы оны бүкіл ақмолалықтар алдында ете беделді де белгілі тұлғаға айналдырды. Институттың ғылыми ұжымы шығарған бидайдың жана сорттарының бірін оның авторлары ездерінің бұрынғы жетекшісінің құрметіне "Кенжеғали" деп те атады.

Бүгінде Қазақстан ғылымын, әсіресе экономикалық ғылымын дамытуда езіндік қолтаңбасы мен орны бар адам жайында әлі де көп нәрсе айтуға болады. Еліміздің ғылымы мен жоғарғы мектептерінің тарихында бірінен кейін бірін жалғастыра үш жоғары оқу орнын (қазіргі Ақмола аграрлық университетті Қазақтың мемлекеттік басқару академиясы және Қазақтың мемлекеттік аграрлық университеті) және ҚР Ұлттық ғылым-академиясын басқарған Қ.Ә. Сағадиевтің жас мемлекетіміздің экономикасын нығайтуға қосқан үлесі де қомақты.

Кенжеғали Әбенұлы өзі жеткен биікке, ұжымдық және отаншылдық игі мақсатқа тынымсыз да қажырлы еңбегінің, сирек кездесер табиғи таланты мен ерекше ой-өрісінің арқасында көтерілді. Ол - ез ортасына да, өріптестеріне де, жалпы кімге де болсын жайлы адам. Оның істі шеберлікпен ұйымдастыра білуінің арқасында ең күрделі де, қиын деген мәселелердің өзі ешқандай дау-дамайсыз шешіліп жатады. Кез келген мәселені қараған кезде соның негізгі езегін дәл тауып, жете түсіндіріп, түсіндіріп қана қоймай, ешкімнің ойына келмейтін дұрыс шешім қабылдай білетіндігі кім-кімді де тан қалдырады. Айта берсек, бойын-

ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕН

Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев Қостанай облысы Жангелдин ауданына қарасты N 1 ауылда дүниеге келген.

Отыз тоғыз жасында ғылым докторы, қырық жасында профессор атағын алды.

1989 жылы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, ал 1994 жылы толық мүшесі (академик) болып сайланды.

Республиканың аса ірі жоғары мектептері мен ғылыми мекемелерінің басшысы болған, ол 1982-1990 жылдары Целиноград ауыл шаруашылығы институтының ректоры болды.

Қазір Қазан мемлекеттік университетінде...



Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы - өсін-өркендеу нысанамыз

Кез келген еркениетті қоғамда сана мен мораль адам денсаулығына зиянын тигізер жағымсыз қылықтардың бәріне мейлінше қарсы болуға тиіс. Сондықтан да болар Ел Президентінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында азаматтардың денсаулығын жақсартып, салауатты өмір салтын орнықтыруға айрықша назар аударылып отыр. Мәселен, өнеркәсібі шарықтап дамыған елдерде арақ, темекі тәрізді жағымсыз нәрсеге уиірсек жандардың саны күн өткен сайын кеми түсуде. Өйткені, кәсіпкерлік - денсаулығы мықты жандардың үлесі. Бұл ретте өмір салтын жағымсыз әдеттерден арылтып, спортқа жұмылдыру, онымен жаппай айналысуға ден қою ең тиімді жолдардың бірі болып табылады. Соңғы кезде заман қиыншылығына байланысты спортты дамыту кенжелеп қалғанымен, облысымызда атқарылған істер де баршылық. Біз мән-жайды нақтылай түсу ниетімен облыстық туризм және спорт жөніндегі комитеттің терайымы Қарлығаш Ғазизқызы Көкеновамен сұхбаттасқан едік. Арада болған осы әңгімеш оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

- Қарлығаш Ғазизқызы, Елбасының Жолдауында салауатты өмір салтын орнықтырудың нақтылы жолдары айқын керсетілген. Ендігі міндет айтылған салиқалы ойларды іс жүзіне асыру. Бұл ретте облыстық туризм және спорт жөніндегі комитет неңдей жұмыстар тындыруда?

- Салауатты өмір салтын орнықтыруды жолға қою үшін ең алдымен дене тәрбиесімен айналысуға ерекше мән берілуі керектігі дәлелдеуді қажет етпейді. Осылайша ауруларға қарсы күресіп, денсаулықты нығайту біздің басты стратегиямыз болмақ. Яғни, азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу, спортпен айналысудан бастау алмақ. Облыстық туризм және спорт жөніндегі комитет бұл ретте біраз ауқымды жұмыстар тындыруда. Мәселен, өткен жылдың аяғында қараша, желтоқсан айларында спорт мекемелері мен ұйымдары, жоғары оқу орнында ары қызметкерлерімен, орта мектеп оқушыларымен, бапкерлермен облыстық және республикалық семинар өткізілді. Біздің комитеттің бастамасымен өткізілген бұл шараларға Республикалық туризм және спорт комитетінің спорт жөніндегі басқармасы бастығының орынбасары А. В. Иуркин белгілі ғалымдар Л. И. Орехов, Г. П. Потапов қатысты. Аталмыш семинарларда жергілікті тұрғындарды са-

САЛАУАТТЫ ӨМІР АРҚАУЫ - СПОРТ



стардың бәрін бірдей жіпке тізгендей айтып шығу қажет емес шығар. Сондықтан ең басты атқарылған және атқарылуға тиісті шараларға ғана тоқталайын.

Жаңа жылдың басынан бергі уақыттың езінде біршама шаралар жүзеге асырылды. Мәселен, 31 қаңтар мен 6 ақпан аралығында облыстық, қалалық, аудандық комитеттердің бастамасымен Бұланды ауданында шахмат жарысы, Щучинскіде облыс әкімі жүлдесі үшін ұзақ қашықтықтағы шаңғы жарысына республикамыздың белгілі спортшылары қатыспақ.

Алдағы уақытта бірқатар аудандарда шаңғы, шайбалы хоккейден жарыс өткізілмек. Ақкөл поселкесінде облыс әкімі жүлдесі үшін ұзақ қашықтықтағы шаңғы жарысына республикамыздың белгілі спортшылары қатыспақ.

- Қарлығаш Ғазизқызы, соңғы жылдары облысымызда "Алтын масақ" жазғы-қысқы спартакиадасы және туризммен еуестенушілердің облыстық слети жоғарғы дережеде өтіп жүр. Алда бо-

Жарысты ұйымдастыру барысында ауылдық жердің ерекшелігі ескеріліп отыр. Спартакиада бағдарламасына ауылдық-селолық жерде өткізуге қолайлы шаңғы, тоғызқұмалақ, шаңғы, президенттік көпсайыс, кір спорты, армрестлинг секілді спорт түрлері енгізілді. Қазір жер-жерлерде қараусыз қалған спорт кешендері қайтадан қалпына келтіріле бастады. Спартакиада өткізілетін Астрахан ауданында бұл ретте бірқатар жұмыстар тындырылды. Спартакиаданы спорт мереkesі ретінде өткізуге айрықша мән берілуде. Ол үшін концерттік, шоу-бағдарламалар дайындалуда. Оған танымал өнерпаздарды да шақырып отырмыз. Спартакиадаға облысымыздың барлық аудандарының спортшылары мен өнерпаздары қатысатын болады.

- Ал таяуда өткізілетін еуеской туристердің облыстық слетінің бұл спорт мерекесінен қаңдай айырмашылығы бар?

- Мұндай слет осымен сегізінші рет өткізіліп отыр. Арнаулы бағдарлама бойынша спорт ойындары, туризмдік эстафета, конкурстық бағдарлама негізінде кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Дәлірек айтсақ керкеменерпаздар ұжымдарының конкурсы, туристік тағамдар дайындау, қабырға газеттерін шығару, белгілі бір тақырыпқа фотосуреттер шығару тәрізді түрлі конкурстар мен түрлі спорт жарыстары өткізіледі. Бұл жарысты өткізуге ақкөлдiктер сақадай-сай отыр.

- Қарлығаш Ғазизқызы, спорттың өміршеңдігіне дау жоқ. Жапонияның Нагано қаласында өтіп жатқан XVIII қысқы олимпиадалық ойындарда қазақстандық хоккейшілердің жақсы керсеткіше жеткенін естіп қуанып жатырмыз. Осынау дүниежүзілік жа-

университеттің мандай алды студенттерінің біріне айналады. Үздік ғылыми жұмыстар дайындаған жастардың қатарында Самарқанда және КСРО-ның көптеген қалаларында өткізілген студенттердің ғылыми конференцияларына қатысады. Алпысыншы жылдары "энергетикалық экономикасы" мамандығы бойынша ҚазМУ-ды үздік бітіргеннен кейін, университеттің халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының ассистенті, ал кейін аға оқытушысы болып істейді.

1963 жылы Қ.Ә. Сағадиев Г.В. Плеханов атындағы Москва халық шаруашылығы институтының аспирантурасына қабылданып, "Одақтас республикалардағы күрделі құрылысты материалдық-техникалық кешенді жабдықтау мәселелері" деген тақырыпта диссертация қорғап, оны мерзімінен бұрын бітіріп шықты.

Сейтіп, білім теңізінен сусындай жүріп, ғылым айдынында өзіндік айшықты ізін қалдыра білген Кенжеғали Әбөнұлы талай-талай биік баспалдақтарға көтеріліп, қай жерде қызмет атқарса да экономист-оқытушы, студент жастардың жетекшісі бола білу талантымен ерекшеленгенін әр кезде бірге істеген әріптестері жақсы біледі.

Адам. Қоғам. Заман. Үшеуі де бір бірінен ажырамас егіз ұғымдар. Алғашқы екеуінің де үшіншісіне қарай бейімделіп отыратындығы ықпалым заманнан белгілі, дәлелдеуді қажет етпейтіні шындық. Қазіргі адамдарға осыдан он-он бес жыл бұрын Сарыарқаның дәлкіндік тұсы, тоғыз жолдың торабына орналасқан Ақмоланы тәуелсіз еліміздің астанасына айналады десе өшкім сенбес еді. Енді міне, заман ағымына қарай бері де өзгеріп, ақиқат шындыққа айналып отыр. Әрине, еркениетті ел астанасы өзіндік кескін-келбетімен ғана емес мәдени-ғылыми, тарихи мол мұраларымен ерекшеленуге тиіс. Бұл ретте жоғары оқу орындарының айрықша маңызға ие болатыны анық.

Осынау бір мәселелер сөз бола қалған жерде ақмолалықтар Кенжеғали Әбөнұлы Сағадиевтің есімін ерекше ыстық ықыласпен, құрметпен атайтыны даусыз. Олай болуы заңды да.

Облысымыз республикадағы ең астықты аймақтың бірі болғандықтан сол кездегі қаламыздағы ауыл шаруашылығы институтының жана ғылыми ізденістер жасайтын және оны өз түлектері арқылы

докторы, қырық жасында профессор атағын алды.

1989 жылы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, ал 1994 жылы толық мүшесі (академигі) болып сайланды.

Республиканың аса ірі жоғары мектептері мен ғылыми мекемелерінің басшысы болған, ол 1982-1990 жылдары Целиноград ауыл шаруашылығы институтының ректоры болды.

Қазір Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры қызметін атқарады.

тәжірибеде қолдануға қабілеті жететін жоғары кәсіби шығармашылық ұжымға айналдыру қажет болды. Институттың материалдық-техникалық базасын нығайту, оқытудың жана, тиімді әдістерін игеру, келешегі мол жастардан маман кадрлар даярлау, ғалымдардың қуат-күшін аграрлық ғылымның ең өзекті мәселелерін зерттеуге бағыттау мен ұйымдастыру талап етілді.

Міне, осынау жауапты тұста Кенжеғали Әбөнұлы Сағадиев институттың ректоры болып тағайындалды. Аса жауапты қызметте жана ректор езін жан-жақты таныта алды. Институтта қалыптасқан жағдайды тез арада түсініп, оқу-тәрбие жұмысының сапасын көтерудің тиімді тәсілдерін таба білді, жас мамандарды білгірлікпен жоғарылатып отырды, өз ұжымының ғылыми мекемелермен және ендіріспен байланысын ұлғайтты.

Қ.Ә. Сағадиевтің бастамасымен бұрынғы Кеңес Одағындағы алты бүкілодақтық ауыл шаруашылығы биотехникалық орталықтарының бірі осы Целиноград ауыл шаруашылығы институтында құрылды. Оның жұмысын тікелей өзі басқарып, керек мамандарды іріктеп алды, олардың шетелдердің жетекші ғылыми орталықтарында тәжірибе алуын қамтамасыз етті, зерттеу лабораторияларының бағыттарын айқындап отырды.

Білікті жоғары оқу орнының сол кездегі Одақты былай қойып, шетелдерге де таныла бастаған тұсы осы кез болатын.

Кенжеғали Әбөнұлы еңбек еткен сегіз жыл ішінде осы институттың материалдық-техникалық базасы Үкімет органдарының қолдауымен екі есеге артып, институттың жұмыс істей бастағаннан бергі жиырма бес жылына тең іс - бағдарламасы жүзеге асырылды.

Тамаша оқу корпусы, жатақхана, малдәрігерлік емхана, тұрғын үйлер салынды. Институттың әлеуметтік салаларының ерекше жақсара түсуі ректордың ұжымының зор құрметіне бөледі. Ол кез-

да, әріптестеріне де, жалпы кімге де болсын жайлы адам. Оның істі шеберлікпен ұйымдастыра білуінің арқасында ең күрделі де, қиын деген мәселелердің өзі ешқандай дау-дамайсыз шешіліп жатады. Кез келген мәселені қараған кезде соның негізгі өзегін дәл тауып, жете түсіндіріп, түсіндіріп қана қоймай, ешкімнің ойына келмейтін дұрыс шешім қабылдай білетіндігі кім-кімді де таң қалдырады. Айта берсек, бойында қасиет көп. Ол - мейлінше принципшіл адам. Іске алаңсыз беріліп, жұрттан да соны талап етеді. Ол үшін уақ-түйек іс жоқ, кез келген іске үлкен жауапкершілікпен қарайды. Ерекше іскерлік, жаңаны сезіне білу - оған тән қасиет.

Кенжекөненің қазақ ғылымының тарихындағы өзіндік ізі де жалғасын таба бермек. Одан тараған ұрпақтар да шетелдердегі білікті оқу орындарын бітірген жоғары білімді мамандар. Ол балаларынан алты немере сүйіп отыр.

Кенжекөнен бүгінде алпыс жасқа толды. Осынау өмір жолында бел-белестерден сүрінбей өту кімге де болса үлкен сын. Ал, ұстаз-ғалым жолы бөрінен де ауыр.

Ұстаз болып шәкірттерге өзіннің барлық адамгершілік қасиеттері мен білімін бере жүріп, олардың алдында бақытқа бөлену де бір ғанибет. Ғылым жолына түсіп, білімнің тұңғыш тереңіне бойлау екінің бірінің қолынан келе бермейтіні де баршаға аян.

... Иә, ол ешкімге ұқсамайтын, өзіндік соқпағы мол өмір жолымен алға жылжып келеді. Бар саналы ғұмырын ғылым жолына арнап, асқаралы алпыс жасқа келді. Елі, халқы, Кенжекөнен өлі де талай үлкен де ұлы істерді күтеді. Тұңғыш терең ойы мен асқаралы ақыл-парасаты ел игілігіне жұмала берудің тілейді. Сол үшін де біз оған елі де сергек сеніп, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Мерейтойыңыз құтты болсын, қадірлі де, қадірменді Кенжеғали Әбөнұлы!

Б. ӘЛІМАНОВ.
С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетінің ректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, жоғары оқу орындарының зиялыларының академигі.

мектеп оқушыларымен, бапкерлермен облыстық және республикалық семинар өткізілді. Біздің комитеттің бастамасымен өткізілген бұл шараларға Республикалық туризм және спорт комитетінің спорт жөніндегі басқармасы бастығының орынбасары А. В. Иуркин белгілі ғалымдар Л. И. Орехов, Г. П. Потапов қатысты. Аталмыш семинарларда жергілікті тұрғындарды сауықтырудың нақтылы жолдары талқыланып, нақтылы әдіс-тәсілдер ұсынылды.

Облысымызда дәстүрлі қысқы, жазғы, облыстық, селолық спартакиадалар жыл сайын тұрақты түрде өткізіледі. Бұл жарыстар алғашқы кезеңде денешынықтыру ұжымдарында өтсе, екінші кезеңде аудандық жарыс, үшінші кезеңде облыстық спартакиаданың финалдық жарыстары ретінде өткізіледі. Қазір аудандарда жарыстың бірінші кезеңі өткізілді. Аудандық спартакиаданы өткізуге қазір қызу дайындық жүргізіліп жатыр.

Мұндай кешенді спартакиадалар алдағы уақытта Есіл, Шортанды, Бұланды аудандарында өткізілмек. Қалған аудандарда спорттың жекелеген түрлерінен спартакиада бағдарламасы негізінде түрлі жарыстар өткізіліп тұрады.

- Ие, комитеттің спартакиада өткізумен ғана шектеліп қалмайтыны белгілі. Өткізілген басқа да жарыстар мен түрлі шараларға нақтылы тоқталып өтсеңіз?

- Әрине, өткізілген жары-

ауданында шахмат жарысы, Щучинскіде мини-футболдан қалалық турнир өткізілді. Степногор қаласында каратэ, баскетболдан VI қалалық спартакиада бағдарламасы бойынша қалалық біріншілік Бұланды, Коргалжын, Аршалы, Атбасар, Целиноград, Жарқайын, Есіл, Астрахан, Сандықтау аудандарында шайбалы хоккейден, ал бірқатар аудандарда шаңғы жарысы өткізілді.

Сол сияқты мектеп оқушылары мен студент жастардан, 18-23 жас аралығындағы тұрғындардан Президенттік тестер қабылдау да қолға алына бастады.

Комитеттің қалалық Балалар мен жасөспірімдер орталығымен бірлесіп өткізген "Туризм және спорт" брейнг-рингінде он

• Спорт

ЖАРЫС ДҮБІРІ ҚЫЗДЫ

Нағанадағы Олимпиаданың бесінші күні турнир кестесіне белгі салмай өтті. Бұл күні өрлеген жалғыз-ақ Людмила Прокашева болды. Үш мың метрге жүгіруде Людмила Республика рекордын жанартқанымен (4 минут 14, 23 секунд), мұнда небары 7 орынды місе тұтты. Топ басының үш жүлдесін де неміс қыздары иемденді. Өзіміз үміт күткен қызымыз Кенжеш Орынбаева мәреге тек 31-ші болып келді. Әрине, қазақ қыздарының ішінен суырылып шығып, қатарынан екі Олимпиадаға қатысу екінің бірінің қолынан келе бермес. Сондықтан да Кенжешке тұңғыш болғаны үшін де рахмет айтамыз. Дүниежүзіндегі қыздардың отыз бірінші жүйрігі болуы да жаман емес.

Ал басқа жарыстардан кеңіл жылытуға тұрарлық өзінше ешқандай нәтиже болмай тұр. 20 шақырымға болған сында биатлоншы жігіттер кез ұшында қалып, Д. Пантов - 49, В. Иванов - 52, Д. Поздняков - 59-орынды місе тұтты. Сол секілді тұғырдан секіруден отыз спортшы ғана қатысатын финалдық жарысқа Д. Иванов қана ілікті. Ал, тау шаңғысы бойынша сайысқа түскен Юлия Крыгина орта жолда құлап қалды.

Әрине, Олимпиадалық ойындар ойыншық емес. Мұнда келе сап саған ешкім жеңісті арқалатып жібере салады деу қиын.

Жарыс дүбірі қыза түсуде.

(ҚазААҒ).

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖАС ДЕЛЕГАТТАРЫ

Ақпанның үшінші онкүндігінде Алматы қаласында республика студенттерінің бірінші съезі өтетіні баршамызға мәлім. Оған кенәйтәк еліміздің облыстарынан жас делегаттар қатыспақшы. Осыған орай жақында Ақмоладағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінде жастар комитеті кеңесінің мәжілісі болып өтті. Мәжіліске ер оқу тобынан екі өкіл қатысты. Олардың бірыңғай келісімімен, кеңес төрағасы бол университет проректоры Нина Михай-

ловна Романенко сайланды.

Мәжілісте алғашқы сөзді университет жастар комитетінің төрайымы Бақыт Сыздықова алып, Алматыда өтетін алқалы жиынның мәні мен мақсаты жөнінде және оған қойылатын талаптар туралы жиналғандарға айтып берді. Сонымен қатар студенттер бұл жолы "Қазақстанның болашағы үшін" атты қоғамдық студенттік бірлестіктің жарғысымен танысты.

Мәжілістің күн тәртібінде сондай-ақ аталмыш съезге Еуразия университетінен 10

делегат сайлау белгіленген еді. Әр факультеттен кандидатуралар ұсынылды. Бері де оқу озаттары, еңер саласында белсенділігімен ерекшеленгендер. Жиналғандардың дауыс беруі арқылы 10 делегат сайланды. Сенім көрсетілгендердің қатарында П. Қоқанов, Е. Қасенбеков, О. Топтунов, И. Исакина, Ә. Бисеков, А. Отарбаев және басқалар бар. Бұларды съезге университет жастар комитетінің төрайымы Бақыт Сыздықова бастап барады. Сондай-ақ университетіміздің жанындағы дербес тәуелсіз

жарысты өткізуге ақкелдіктер сақадай-сай отыр.

- Карлығаш Ғазизқызы, спорттың өміршеңдігіне дау жоқ. Жапонияның Нагано қаласында өтіп жатқан XVIII қысқы олимпиадалық ойындарда қазақстандық хоккейшілердің жақсы көрсеткішке жеткенін естіп қуанып жатырмыз. Осынау дүниежүзілік жарысқа ақмолалықтардың қосқан үлесі қандай?

- Иә, бұл жарысқа облысымыздың Бұланды ауданынан ерлі-зайыпты биатлоншылар Инна Шешкель мен Валерий Иванов, шаңғышылардан Андрей Невзоров сығға түсуде. Жарысқа аттанар алдында біз олармен кездесу өткізіп, сәт-сапар тілеп шығарып салдық. Спортшыларды енді міне, құрметпен қарсы алмақшымыз. Әрине, спортшылардың олжалы оралуынан үміттіміз, сенім нық.

Біздің ең басты мақсаттарымыздың бірі осынау танымал спортшылардың облысымыздан ешқайда кетпеуіне жағдай жасап, олардың қатарының кебейе түсуіне мүмкіндік туғызу. Мақсатымыз орындалса жұлдызымыздың жанғаны.

- Өңгімеңізге рахмет. Бұқаралық спортты еркендету жолындағы істерде зор табыс тілеймін.

Сұхбатты жүргізген Амантай ӘБІЛҰЛЫ.

"Аққу" институтынан студент - Ольга Цой делегат болды.

Жиын соңында университет ректоры Амангелді Құсайыновтың атынан жоғары оқу орнының мәдени және қоғамдық өміріне белсене қатысушы жиырмаға жуық студентке Құрмет грамоталары табыс етілді.

Алау ҚАЙСАРҰЛЫ,
Еуразия университеті журналистика бөлімінің I-курс студенті.